

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21843 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

A. Цой

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

" " 2020 жыл

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 20 желтоқсандағы
№ КР ДСМ-283/2020 бұйрықка
қосымша

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 41-тармақшасына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар денсаулық сақтау қызметкерлеріне үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау тәртібін айқындайды.

2. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін (бұдан әрі – ҮКД) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау өлшемшарттарына сәйкес персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы растайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым – білім алушылардың білімі мен дағдыларын, білім алу бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалауды жүзеге асыратын денсаулық сақтаудың уәкілетті органымен аккредиттелген ұйым;

2) денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму жүйесіндегі сынақ бірлігі (бұдан әрі – СБ) – кәсіптік қызметтің белгілі бір кезеңінде үздіксіз кәсіптік дамуға ықпал ететін іс-шараларға қатысу көлемі өлшемінің біріздендірілген шартты бірлігі;

3) денсаулық сақтау қызметкерлері – клиникалық немесе фармацевтикалық практикаға жіберу үшін немесе Кодектің 27-бабына сәйкес халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мамандығы (мамандануы) бойынша маман сертификаты бар мамандар;

4) денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша білім беру (бұдан әрі - қосымша білім беру) – кәсіптік білімді, машиқтар мен дағдыларды қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді игеру үшін денсаулық сақтау кадрларының білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқыту процесі;

5) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді менгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

6) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машиққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

7) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық сабак сыныптауышы, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде өзірленетін және орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және салада пайдаланылатын білімдердің, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды жіктейтін құжат;

8) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырган және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

4. Кодектің 269-бабының 3-тармағына сәйкес талаптарды ескере отырып, қосымша, формалды емес білім беру нәтижелерін және қосымша құзыреттерді куәландыратын құжаттар денсаулық сақтау қызметкерлерінің ҮКД нәтижелері болып табылады.

Денсаулық сақтау мамандарының ҮКД нәтижелері Кодектің 27-бабына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерді сертификаттау үшін расталады.

5. "Денсаулық сақтау" саласының СБШ сәйкес денсаулық сақтау қызметкерлеріне біліктілік деңгейін беру немесе растау осы Қағидаларға сәйкес тәртіппен бағалау бойынша аккредиттелген ұйымға берілген білім мен дағдыларды бағалау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Медицина қызметкерлері "Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру", "Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маман сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер шеңберінде бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымның қорытындысы болған кезде "Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында

медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № КР ДСМ-274/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес тәртіппен берілген деңгейі ескеріле отырып мамандық/мамандану бойынша маман сертификатын алады немесе растайды.

2-тaraу. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау тәртібі

6. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің соңғы 5 жылдағы УКД нәтижелерін денсаулық сақтау ұйымының басшысы растайды.

7. Денсаулық сақтау қызметкері УКД нәтижелерін куәландыратын құжаттары болған кезде негізгі жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес өлшемшарттарда көзделген растайтын құжаттарды ұсынады.

Шет тілінде берілген құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен ұсынылады.

8. УКД нәтижелерінің әрбір өлшемшарты үшін персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы СБ есептейді.

9. УКД-нің қорытынды нәтижесі қосымша білім, формалды емес білім және қосымша құзыреттер үшін СБ-ны қосу арқылы есептеледі.

Қосымша білім беру (біліктілікті арттыру) нәтижелері бойынша СБ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-тaraуына сәйкес соңғы 5 жыл үшін есептеледі.

Формалды емес білім беру нәтижелері бойынша СБ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-taraуына сәйкес қосымша құзыреттер бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаның 3-taraуына сәйкес есептеледі.

10. УКД расталған нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

11. УКД нәтижелерін куәландыратын құжаттардың өлшемшарттарына қойылатын талаптарына сәйкес келмеуі УКД нәтижелерін растаудан бас тартуға негіз болып табылады.

3-taraу. Біліктілік деңгейін беру және растау тәртібі

12. Біліктілік деңгейін беруге немесе растауға үміткер денсаулық сақтау қызметкери бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымға осы Қағидалардың 6-тармагына сәйкес УКД нәтижелерін ұсынады.

Денсаулық сақтау қызметкеріне біліктілік деңгейін беру үшін:

1) білім дипломымен расталған біліктілік деңгейіне сәйкес денсаулық сақтау саласында білімінің болуы;

2) аккредиттеген бағалау жөніндегі ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесімен расталған білім мен дағдылар;

3) көрсетілетін қызметтердің электрондық тіркелімінен немесе кәсіптік қызмет туралы есептен расталған, құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған кәсіптік стандарттың талаптарына сәйкес мәлімделген біліктілік деңгейіне сәйкес келетін еңбек функцияларын орындауды;

4) персоналды басқару қызметі және медициналық ұйым басшысы куәландырған ҮКД іс-шаралары қажет.

Қолданыстағы біліктілік деңгейін растау кезінде медицина қызметкері осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес білім мен дағдыларын бағалаудан өтпейді.

13. Біліктіліктің тиісті деңгейіне қол жеткізу үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау қызметкерлерінің ҮКД нәтижелерін растау өлшемшарттары бойынша қосымша, формалды емес білім беруді және қосымша құзыреттерді қамтитын үздіксіз кәсіптік даму іс-шаралары қажет.

14. Біліктілік деңгейлері үшін үздіксіз кәсіптік даму іс-шараларының жалпы көлемі 210 СБ құрайды.

15. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің ұш халықаралық академиялық рейтингке кіретін шетелдік ұйымдарда алған қосымша және (немесе) формалды емес білімі және олардың екеуінің және одан да көбінің алғашқы 250 (екі жүз елу) позицияларының қатарында (әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингі Квакарелли Симондс (QS World University Rankings, Кьюес World University Ranking), әлем университеттерінің академиялық рейтингі (Academic Ranking of World Universities, Академик Ranking of World University), Times басылымының нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттерінің рейтингі, (Times Higher Education World University Rankings) Таймс Хайер Юдукеин World University Ranking) "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бүйріғында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) көзделген Қазақстан Республикасында құжаттың түпнұсқасын ұсынған кезде жарамды деп танылады.

16. Денсаулық сақтау қызметкерлеріне "Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) бүйріғында көзделген тәртіппен бағалау жөніндегі аккредиттеген ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі негізінде бастапқы немесе кезекті біліктілік деңгейі беріледі.

17. Біліктіліктің 4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I), 7.1 (R) бастапқы деңгейлері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру үйымдары мен ғылыми үйымдарының түлектеріне денсаулық сақтау саласындағы СБШ-ға сәйкес беріледі.

18. Мамандануы бойынша біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № КР ДСМ-218/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 21699 болып тіркелген) шарттары сақталғанда отырып, негізгі мамандық шеңберінде беріледі.

19. Біліктіліктің кезекті деңгейін беру кезінде "Денсаулық сақтау" саласының СБШ белгілеген біліктілік деңгейлерінің кезектілігі Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сақталады.

Санат беру туралы мерзімсіз қуәліктері бар медицина қызметкерлері бағалау қағидаларына сәйкес білімі мен дағдыларын бағалаудан өтпей-ақ тиісті біліктілік деңгейі бар мамандық бойынша маман сертификатына қызметкерлерінің қайта ресімдей алады.

Денсаулық сақтау
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін
растаяу, біліктілік деңгейін беру
және растау қағидаларына
1-қосымша

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттардың атауы	Өлшемшарттарға қойылатын талаптар	Өлшемшарттардың бірлігі	Растайтын құжат
1	2	3	4	5

1-тарау. Қосымша білім

1	Косымша білім (біліктілікті арттыру циклдері)	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; білім беру бағдарламасының деңгейіне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету	1 сағат = 1 сынақ бірлігі;	біліктілікті арттырудан өткені туралы қуәліктің көшірмесі
---	-----------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------	-----------------------------------------------------------

2-тарау. Формалды емес білім беру

	облыстық, қалалық, республикалық маңызы бар	1 апта = 10 сынақ бірлігі	тағылымдаманың жеке жоспарының орындалуы туралы есептің көшірмесі, тағылымдама барысында алған білімі, машығы мен дағдылары туралы
--	---------------------------------------------	---------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2.	Мамандық бейіні бойынша тағылымдама	халықаралық маңызы бар	1 апта = 30 сынақ бірлігі	ақпарат, тағылымдама корытындысы бойынша құрылымдық бөлімшесі басшысының денсаулық сақтау саласындағы маманға пікірі
3.	Күндізгі оқыту семинарларына, тренингтерге, шеберлік сынныптарға қатысу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету	1 сағат = 0,5 есептік бірлік;	оқудан өткені туралы күеліктің көшірмесі
4.	Вебинарларға, онлайн курстарға, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып өткізілетін өзге де оқыту іс-шараларына қатысу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету	1 сағат = 0,5 сынақ бірліктері	оқудан өткені туралы күеліктің көшірмесі

3-тарау. Қосымша құзыреттер

5.	Съезд, Конгресс, конференциялар жұмысына қатысу	облыстық, республикалық маңызы бар қалалар	1 күн – 5 сынақ бірлігі, баяндамамен – 10 сынақ бірлігі	баяндамашының Т.А.Ә., тақырыбы, өткізу орны, өткізуді ұйымдастыруши, күні көрсетілген конференция қатысушысының құжаты және (немесе) бағдарламасы
		республикалық маңызы	1 күн – 10 сынақ бірлігі, баяндамамен - 50 сынақ бірлігі	
		халықаралық маңызы	1 күн - 40 сынақ бірлігі , баяндамамен - 100 сынақ бірлігі	
6.	Монографияны, нұсқаулықтарды, әдістемелік ұсынымдарды жариялау	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші автор немесе монаавторлық	1 монография = 180 сынақ бірлігі; нұсқаулық, әдістемелік ұсынымдар = 30 сынақ бірлігі.	жарияланған монографияның, нұсқаулықтардың, әдістемелік ұсынымдардың электрондық көшірмесі, бірінші автор
7.	Оқулық (кітаптар)	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші автор немесе монаавторлық.	1 оқулық (кітап) = 180 сынақ бірлігі	жарияланған оқулықтың (кітаптың) электрондық көшірмесі)

8.	Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті үсынған тізбеке кіретін басылымдардағы мақала жариялау	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші 3 авторға	1 бал = 20 сынақ бірлігі	жарияланған мақаланың электрондық көшірмесі, алғашқы 3 автор
9.	Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті үсынған тізбеке кірмейтін республикалық және шетелдік басылымдардағы мақаласын жариялау	бірінші 3 авторға	1 бал = 10 сынақ бірлігі	жарияланған мақаланың электрондық көшірмесі, алғашқы 3 автор
10.	Scopus, Web of Science, Springer индекстелетін басылымдарда жариялау	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 мақала, журналдың квартилі Q4 = 90 сынақ бірлігі, 1 макала, журналдың квартилі Q3= 120 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q2 = 150 сынақ бірлігі, 1 макала, журналдың квартилі Q1= 180 сынақ бірлігі.	Scopus, Web of Science, Springer дерекқорында жарияланған мақалаға сілтеме
11.	Патент алу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 республикалық деңгейдегі патент = 60 сынақ бірлігі; 1 шетелдік деңгейдегі патент = 180 сынақ бірлігі.	патенттің көшірмесі

12.	Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік туралы күәлік алу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 күәлік = 30 сынақ бірлігі	зияткерлік меншік туралы күәліктің көшірмесі
13.	Тәлімгерлік, педагогикалық қызмет	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	жыл бойы медициналық білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін тәлімгер немесе ментор ретінде = 10 сынақ бірлігі	медициналық ұйымның тәлімгер тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі, және (немесе) тәлімгерлік және (немесе) менторлық бойынша біліктілікті арттыру туралы күәлік
14.	Жас және жаңадан қабылданған мамандарға тәлімгерлік	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	жыл ішінде тәлімгер ретінде = 10 сынақ бірлігі	тәлімгер тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі
15.	Практикалық қызметке диагностика емдеу, аурудың профилактикасы инновациялық ғылыми немесе практикалық әдістемені енгізу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 ендіру актісі = 60 сынақ бірлігі	денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органының катысуымен ендіру актісі
16.	Көсіб и қауымдастыркка мүшелік	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау кезінде кемінде 1 жыл белсенді мүшелік.	өңірлік деңгей = 10 сынақ бірлігі; Республикалық деңгей = 30 сынақ бірлігі; Халықаралық деңгей = 60 сынақ бірлігі.	сараптамалық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі
17.	Сараптама органдарына мүшелік	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау кезінде 5 жыл ішінде кемінде 1 жыл белсенді мүшелік	республикалық деңгей = 90 сынақ бірлігі	сараптамалық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі
18.	Сараптамалық және (немесе) жаттықтырушылар қызметі	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау сәтінде бір жыл ішінде	1 құжат = 10 сынақ бірлігі	сараптамалық және жаттықтырушылық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі
		мәлімделген мамандық бейініне сәйкес ; республикалық		

19.	Нормативтік құқықтық және өзгере регламенттеуші актілерді әзірлеуге қатысу	денгейдегі клиникалық хаттамалар, клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтар, операциялық рәсімдердің стандарттары, салалық бағдарламалар, білім берудің мемлекеттік стандарттары)	(1 құжат = 30 сынақ бірлігі	жұмыс тобының құрамы туралы бұйрықтың көшірмесі
20.	Білім алушылардың білімі мен дағдыларын, денсаулық сактау саласындағы түлектер мен мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымның емтихан материалының (тест сұраптартары және клиникалық сценарийлер) мазмұндық немесе тесттілік сараптамасына қатысу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес;	50 тест сұраптартары = 1 сынақ бірлігі; 10 клиникалық сценарий = 1 сынақ бірлігі	емтихан материалдарын сараптау актісінің көшірмесі
21.	Медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісінің болуын (болмауын) анықтау және оны растау мақсатында тәуелсіз сараптама комиссиясының жұмысына қатысу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес растау сәтінде 5 жыл ішінде	1 құжат = 90 сынақ бірлігі	сарапшының қатысуы туралы тәуелсіз сараптама комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді және тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамын бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі
22.	Бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымда өзін-өзі бағалаудан өтуі	он нәтиже (шекті деңгейге тең немесе одан жоғары)	1 өзін-өзі бағалау нәтижесі = 30 сынақ бірлігі	білімі мен дағдыларын өзін-өзі бағалаудың он нәтижесі (шекті деңгейге тең немесе одан жоғары)

Денсаулық сактау

қызметкерлерінің үздіксіз
 кәсіптік даму нәтижелерін
 растау, біліктілік деңгейін беру
 және растау қағидаларына
 2-қосымша
 нысан

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау

1. Тегі, аты, экесінің аты (бар болса) _____
2. Мәлімделген мамандық _____
3. Денсаулық сақтау қызметкерінің жалпы жұмыс өтілі (жылы, айы, күні) _____
4. Мәлімделген мамандық бойынша жұмыс өтілі (жылы, айы, күні) _____
5. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны _____
6. Атқаратын лауазымы _____

7. Мәлімделген мамандық бойынша еңбек қызметі (мәлімделген мамандық бойынша үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау сәтінде)

Қабылданған күні	Босатылған күні	Жұмыс орны	Атқаратын лауазымы	Бүйрық нөмірі	Бүйрықтың шыққан күні
------------------	-----------------	------------	--------------------	---------------	-----------------------

8. Салалық біліктілік шеңберінің деңгейі _____
9. Біліктілік санаты (бар болса) _____
10. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (бар болса) _____
11. ҮКД нәтижелері _____

№	Өлшемшарттардың атауы	Сынақ бірліктеріндегі нәтиже
1-тарау. Қосымша білім		
1		
2-тарау. Формалды емес білім беру		
2		
3		
4		
5		
3-тарау. Қосымша құзыреттер		
6		
7		
8		
9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		
16		

17		
18		
19		
20		
21		УКД нәтижелерінің жиыны:

Персоналды басқару қызметінің басшысы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы) берілген күні

Медициналық ұйымның басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы) берілген күні

Денсаулық сақтау
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін
растастау, біліктілік деңгейін беру
және растастау қағидаларына
3-қосымша

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік дамуы

№	Үздіксіз кәсіптік даму іс-шарасының атапу				
1	Салалық біліктілік шенберінің деңгейлері	4.0; 5.0; 6.0; 7.0 (I); 7.1 (R)	4.1; 5.1; 6.1; 7.1 (I); 7.2 (R)	4.2; 5.2; 6.2; 7.2 (I); 7.3 (R)	4.3; 5.3; 6.3; 7.3 (I); 7.4 (R)
	Біліктілік санаты	Біліктілік санаты жоқ	Екінші біліктілік санаты	Бірінші біліктілік санаты	Жоғары біліктілік санаты
2	Үздіксіз кәсіптік д а м у іс-шараларының жалпы көлемі (көсімшада білім берудің, формалды емес білім берудің және қосымша күзыреттердің сыйнақ бірліктерінің сомасы)	5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі	5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі немесе сақтандыру жағдайын сараптау кезінде тәуелсіз сараптама комиссиясына қатысу, соңғы 3 жылда кемінде 3 рет.	5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі немесе сақтандыру жағдайын сараптау кезінде тәуелсіз сараптама комиссиясына қатысу, соңғы 3 жылда кемінде 3 рет.	5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі немесе сақтандыру жағдайын сараптау кезінде тәуелсіз сараптама комиссиясына қатысу, соңғы 3 жылда кемінде 3 рет.
			базалық немесе орта деңгейдегі	орта немесе жоғары	Жоғары немесе мамандандырыл

	Косымша білімі	базалық деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 150 ЗЕ (сағаты)	біліктілікті арттырудың кемінде 150 сынақ бірлігі (сағаты)	деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 120 сынақ бірлігі (сағаты)	ған деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 60 сынақ бірлігі (сағаты)
3	Формалды емес білімі	кемінде 50 сынақ бірлігі (сағат)	кемінде 50 сынақ бірлігі (сағат)	кемінде 50 сынақ бірлігі (сағат)	облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кемінде 60 сынақ бірлігі
	Косымша құзыреттер	кемінде 10 сынақ бірлігі	кемінде 10 сынақ бірлігі	облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кемінде 40 сынақ бірлігі	облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кемінде 90 сынақ бірлігі

Денсаулық сактау
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін
растаяу, біліктілік деңгейін беру
және растау қағидаларына
4-қосымша

Бастапқы біліктілік деңгейлері.

СБШ біліктілік деңгейі	Денсаулық сактау саласындағы білім деңгейі
4.0	техникалық және кәсіптік білім
5.0	орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат)
6.0	жоғары білім (академиялық бакалавриат)
7.0 (I)	Жоғары оку орнынан кейінгі білім (игерілген бакалавриат бағдарламасы негізінде магистратура) және (немесе) практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе жоғары базалық медициналық білім (интернатура) және (немесе) үздіксіз интеграцияланған медициналық білім
7.1 (R)	жоғары оку орнынан кейінгі білім (резидентура) сертификаттау курсы (мамандандыру үшін*)
8	PhD Докторантура, PhD докторы ғылыми дәрежесі, (Медицина ғылымдарының кандидаттары, медицина ғылымдарының докторы) немесе жоғары медициналық білім және саладағы басқару жұмысының тәжірибесі.

Денсаулық сактау
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін
растаяу, біліктілік деңгейін беру

Біліктіліктің кезекті деңгейлері

Денсаулық сақтау саласындағы білім деңгейі	СБШ біліктілік деңгейі	Біліктілік санаты	Біліктіліктің алдыңғы деңгейін алған күннен бастап мәлімделген мамандық және (немесе) мамандану бойынша ұздіксіз жұмыс өтілінің болуы
Техникалық кәсіптік білім және	4.1	екінші	кемінде 5 жыл
	4.2	бірінші	кемінде 4 жыл
	4.3	жоғары	кемінде 3 жыл
Орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат)	5.1	екінші	кемінде 5 жыл
	5.2	бірінші	кемінде 4 жыл
	5.3	жоғары	кемінде 3 жыл
Жоғары білім (академиялық бакалавриат)	6.1	екінші	кемінде 5 жыл
	6.2	бірінші	кемінде 4 жыл
	6.3	жоғары	кемінде 3 жыл
Негізгі медициналық білім (интернатура)	7.1 (I)	екінші	кемінде 5 жыл
	7.2(I)	бірінші	кемінде 4 жыл
	7.3(I)	жоғары	кемінде 3 жыл
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (клиникалық ординатура, қайта даярлау, резиденттура)	7.2 (R)	екінші	кемінде 5 жыл
	7.3(R)	бірінші	кемінде 4 жыл
	7.4(R)	жоғары	кемінде 3 жыл
Медицина ғылымдарының кандидаты, медицина ғылымдарының докторы, PhD	8		